



Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 18 қазан. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1998.11.20. N 305 Заңымен. ~Z980305

Осы Заң аудиторлық қызметті жүзеге асырудың құқықтық негіздерін анықтайды және ол меншік иесі мен мемлекеттің мүліктік мүдделерін қорғауға жәрдемдесетін тәуелсіз қаржылық бақылау жүйесін құруға бағытталған.

Осы Заңның қалыптары Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, меншік түрлері мен қызмет саласына қарамастан, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерге, сондай-ақ мемлекеттік органдарға қолданылады.

I тарау

Жалпы ережелер

1-бап. Аудиторлық қызметтің құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметтің жүзеге асырылуына байланысты қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заң құжаттарымен реттеледі.

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен келісімдерінде осы Заңда және республиканың аудиторлық қызметті реттейтін өзге заң құжаттарында жазылған ережелерден басқа ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттар мен келісімдер қолданылады.

Банк қызметін аудиторлық тексеруді жүзеге асыру және банк қызметін тексеруді жүзеге асыратын аудиторларға қойылатын талаптар банк заңдарымен реттеледі.

Ескерту. 1-бап 3-ші бөлікпен толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.08.31. N 2447 жарлығымен.

Аудит - бұл бухгалтерлік есеп беруді, шаруашылық жүргізуші субъектілерінің берген есебінің дұрыстығын анықтау мақсатында олардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы алғашқы құжаттар мен басқа да ақпаратының есебін, оның толықтығын және қолданылып жүрген заңдар мен белгіленген қалыптарға сәйкестігін тексеру.

Аудитті шаруашылық жүргізуші субъектілермен (тапсырыс берушілермен) жасалған шарт негізінде тәуелсіз адамдар (аудиторлар), аудиторлық ұйымдар (фирмалар) жүзеге асырады.

Аудиторлық тексерулер мемлекеттік органдар тарапынан Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын кәсіпорындар шаруашылық қызметінің заңдылығына бақылау жасауды жоққа шығармайды.

Егер белгіленген тәртіп бойынша тіркелмеген және Аудиторлық қызметпен айналысу құқығы біліктілік комиссиясының аттестациясынан өтпеген болса, бірде-бір заңды ұйым немесе нақты адам "аудитор" деп атала алмайды немесе өздерін аудиторлық қызметпен айналысушы ретінде көрсете алмайды.

Аудитті өз жарлықтарына сәйкес қызмет негізі Қазақстан аумағында белгіленген тәртіппен Аудиторлық қызметпен айналысу құқығы біліктілік комиссиясынан рұқсат алған аудиторлық, сараптамалық және консультативтік қызмет көрсету болып табылатын шетел аудиторлары мен фирмалары жүргізе алады.

3 - б а п .

А у д и т о р л ы қ к ы з м е т

Аудиторлық қызмет деп аудитті ұйымдастыру мен әдістемелік жағынан қамтамасыз ету, аудиторлық тексеруді іс жүзінде орындау және басқа да аудиторлық қызметті көрсету түріндегі кәсіпкерлік қызмет түсініледі.

Аудиторлық қызметтер қаржылық есеп берудің заңдарға, өзге де қалыпты құжаттарға сәйкестігі мен ондағы қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің дұрыс көрсетілуі, бухгалтерлік есеп, қаржы, салық салу, құқық, банк және сақтандыру ісі, экология, өндірісті дұрыс ұйымдастыру, маркетинг мәселелері бойынша, нарықтық экономика жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік қуаты тиімділігін арттыру үшін резервтерді анықтау мақсатында қаржы жағдайын талдау мен болжау мәселелері бойынша ақы төлеу негізінде жасалған шарттар бойынша аудиторлық тексерулер, сараптаулар, кеңес беру түрінде көрсетіледі.

Біліктілік комиссиясы аттестациялаған және аудиторлық қызметпен айналысуға бес жыл мерзімге біліктілік куәлігі берілген адам аудитор бола алады .

Аудиторлар кәсіпкерлік қызметтің субъектілері ретінде өз қызметін жеке дара тәртібінде немесе мамандандырылған аудиторлық ұйымдар (фирмалар) арқылы атқара алады. Аудиторлар мен аудиторлық фирмалар бірлестіктердің әр алуан т ү р і н қ ұ р а а л а д ы .

Аудиторлар мен аудиторлық фирмалар мемлекеттік органдар мен өздеріне тапсырыс берушілерімен тәуелсіз болады.

Аудиторлар мен аудиторлардың көмекшілері, ғылыми немесе оқытушылық қызметпен айналысатын адамдардан басқасы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарда қызметке тұра алмайды.

Пайдакүнемдік қылмыстары үшін сотталған адамдардың аудиторлық іспен айналысуына жол берілмейді.

5 - б а п .

А у д и т о р л ы қ ф и р м а

Аудиторлық фирма - бұл қызметінің негізгі түрі аудиторлық қызметтер көрсету болып табылатын ұйым.

Аудиторлық фирмалар меншіктің кез-келген түрі негізінде құрыла алады.

Аудиторлық фирмаға, егер онда бір ғана аудитор жұмыс істейтін болса, аудиторлық қызметті жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

Аудиторлық фирмаға тек қана аудитор басшы бола алады.

6 - б а п .

А у д и т о р д ы ң к ө м е к ш і с і

Аудитті өткізу кезінде қосалқы жұмысты атқару үшін аудитордың жоғары немесе арнаулы орта білімі бар адамдардан өзіне көмекшілер алуына болады. Аудитор көмекшісі аудиторлық қорытындыға, сараптамалық қорытындыға, анықтамаға немесе аудитті өткізгені туралы басқа да ресми құжатқа қол қою құқығымен п а й д а л а н б а й д ы .

Аудитор мен көмекшінің өзара қарым-қатынасы, көмекші орындайтын жұмыс көлемі, еңбекке ақы төлеу, оның қызметіне байланысты және басқа да мәселелер қолданылып жүрген заңдар мен олардың арасындағы келісімдер б о й ы н ш а а н ы қ т а л а д ы .

Аудитордың көмекшісі аудиторлық қызметтерді көрсетуге байланысты өзіне немесе аудиторға тапсырыс беруші хабарлаған мағлұматтарды жария етпеуге

м і н д е т т і .

Аудитордың көмекшісі ретінде жұмыс істеген уақыт аудиторлық қызметпен айналысу құқығын растайтын куәлік алуға қажет жұмыс стажына енеді.

7-бап. Аудиторлық қорытынды

Аудитор аудит нәтижелер бойынша ресми құжат болып табылатын қорытынды жазып, оны тапсырыс берушіге шартта белгіленген уақытта береді. Қорытындыда объектінің есеп беруінің, балансының қолданылып жүрген заңдардың, бухгалтерлік және басқа да есеп жүргізудің талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер келтіріліп, қаржылық есеп беруде кездескен бұзушылықтар мен қателіктерді жою жөнінде ұсыныстар жасалады.

Аудиторлық қорытынды белгіленген стандарттарға сай келуге, оған тексеру жүргізген аудитор қол қойып, растауға тиіс. Аудиторлық қорытынды аудитордың қолы қойылған, сондай-ақ шартта өзгеше көзделмесе, тексеруден өткен объектінің басшысы мен бас бухгалтерінің қолдары қойылған аудитті өткізгені туралы актінің

негізінде рәсімделеді.

Консультациялар түріндегі аудиторлық қызметтер анықтама және басқа да ресми құжаттар рәсімделіп, ауызша не жазбаша түрде көрсетіледі. Сараптамалар түріндегі аудиторлық қызметтер сараптамалық қорытынды немесе құжат арқылы рәсімделеді.

II тарау

Аудиторларды аттестаттау шарттары мен тәртібі

8-бап. Аудиторларды аттестаттау

Аудиторларды аттестаттауды (біліктілік тұрғысынан жарамдылығын анықтауды) Біліктілік комиссиясы жүргізеді.

Аудиторлық қызметпен айналысуға ниет білдірген талапкер- адамдар мынадай талаптарға сай келгенде ғана аттестацияға жіберіледі:
жоғары немесе арнаулы орта білімі болуы керек;
экономика, қаржы, есептеу-талдау, бақылау-тексеру немесе құқық мәселелері

бойынша жұмыс тәжірибесі болуы керек.

Аудит мәселелері жөнінде белгілі бір білімдердің болуы тиісті емтихан алу арқылы анықталады.

Емтихан тапсыра алмаған адамдардың Біліктілік комиссиясы шешім қабылдағаннан кейін бір жыл өткен соң қайтадан емтихан тапсыруына құқығы бар.

Біліктілік куәлігі бес жыл мерзімге беріледі.

9-бап. Біліктілік комиссиясы

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға ниет білдірген үміткерлерді, соның ішінде шетел үміткерлерін аттестаттау мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанынан Біліктілік комиссиясы құрылады.

Біліктілік комиссиясы аудиторлар өкілдері мен мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тең санынан 5 жыл мерзімге құрылады.

Біліктілік комиссиясының төрағасы болып оның мүшелері арасынан аудитор сайланады.

Аудиторларды аттестаттауға Біліктілік комиссиясы шарттық негізде орталық экономикалық органдардың, банктердің, салық қызметтерінің мамандарын, экономика ғылыми өкілдері мен жоғары оқу орындарының оқытушылар құрамын тартады.

Біліктілік комиссиясы туралы ережені емтиханға енгізілген қаржылық-экономикалық және есептеу-талдау пәндерінің тізбегін емтихан тапсыру-тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітеді.

10-бап. Біліктілік куәлігінің күшін жою негіздері

Біліктілік комиссиясы біліктілік куәлігінің күшін мынадай негіздер бойынша:

аудитордың кәсіби жарамсыздығы анықталған;

біліктілік куәлігі негізделген мағлұматтардың күмәнділігі анықталған;

аудитор ретінде қызметін бір жылдан астам уақыт бойы бастай алмай кідірткен;

қасақана жалған аудиторлық қорытынды берсе және

Қазақстан Республикасы заңдарын өзгеше бұзған жағдайларда жоя алады.

Аудитор Біліктілік комиссиясының шешіміне сот арқылы шағым беруге қақылы.

III тарау

Аудитті өткізу және өзге де аудиторлық қызметтер көрсету тәртібі туралы

11-бап. Аудитті өткізу мен аудиторлық қызметтер көрсетудің жалпы шарттары

Аудитор өз қызметін жеке дара немесе аудиторлық фирманың қызметкері ретінде көрсете алады.

Аудитордың жеке дара аудиторлық қызметтер көрсетуге біліктілік куәлігі болған және жеке кәсіпкер (шаруашылық жүргізуші субъект) ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен кезде ғана құқығы бар.

Өз құрамында біліктілік куәлігі бар, шаруашылық жүргізуші субъект ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен бір ғана аудитору болған жағдайда аудиторлық фирманың аудиторлық қызметтер көрсетуге құқығы болады.

Мемлекеттік атқарушы өкімет органдарына, мемлекеттік- өкіметтік өкілеттігі бар бақылау-тексеру мекемелеріне аудиторлық қызметтер көрсетуге тыйым салынады.

Аудиторлар мен аудиторлық фирмалар есеп жүргізеді және де қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өздері тұратын жерлердегі салық және статистика органдарына өз қызметі туралы статистикалық және бухгалтерлік есеп береді.

12-бап. Аудитті өткізу және өзге де аудиторлық қызметтер көрсету үшін негіздер

Аудит аудитор (аудиторлық фирма) мен тапсырыс беруші арасындағы шарт негізінде өткізіледі.

Консультациялар түріндегі аудиторлық қызметтер шарт негізінде, тапсырыс беруші аудиторға (аудиторлық фирмаға) ауызша немесе жазбаша өтініш білдіруі түрінде көрсетіледі.

Аудитті өткізуге және өзге де аудиторлық қызметтер көрсетуге жасалған

шартта тексерудің мәнісі мен мерзімі, аудиторлық қызметкердің көлемі, төленетін ақы мөлшері мен шарттары, тараптардың жауапкершіліктері көзделеді. Шартта тараптардың келісім бойынша басқа да жағдайлар, соның ішінде алынған экономикалық тиімділікке байланысты аудиторлық жұмысқа қосымша ақы төлеудің мөлшері немесе ол жұмыстың сапасыз орындалғаны үшін келісуші тараптардың қаржылары есебінен жазалау шаралары да көзделуі мүмкін.

Шарттар тараптары негізінде атқарылатын аудиторлық қызметтерге ақы төлеуге байланысты шығындар тексерілетін шаруашылық жүргізуші субъектінің өнімдерінің (жұмыстарының, қызметтерінің) өзіндік құнына енгізілген шығынына жатқызылады.

13-бап. Аудиттің нәтижелері туралы есеп беру

Шартты аудитордың (аудиторлық фирманың) орындауы аудиторлық қорытындының немесе, шартта өзгеше көзделмесе, басқа ресми құжаттың қабылдау-өткізу актісі бойынша анықталады.

Аудиторлық қорытынды тиісті қалыптар мен стандарттар

сақтала отырып жасалады және онда тапсырыс берушінің бухгалтерлік есебінің дұрыстығы, толықтығы және заңдарға сәйкестігі қуатталғандығы немесе бұл қуаттаудан дәлелді түрде бас тартуы мазмұндалуы тиіс.

14-бап. Даярлауды шешу

Аудиторлар (аудиторлық фирмалар) мен тапсырыс берушілердің арасында туатын келіспеушіліктер, егер бұл шартта көзделсе, сот арқылы немесе Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы арқылы шешіледі.

15-бап. Аудиторларды мемлекеттік органдардың тартуы

Қазақстан Республикасының заң құжаттарымен шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің жекелеген жақтарын бақылауға құқық берілген құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдар тексеруді тағайындаған орган өкілеттіктері шегінде ғана шаруашылық жүргізуші субъектілеріне тексеру (

ревизия) жүргізу үшін шарт негізінде аудиторларды тарта алады. Аудиторлық қорытындының негізінде құқық қорғау және осыған уәкілдік берілген басқа да мемлекеттік органдардың қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шешім қабылдауға құқығы бар. Аудиторлық қызметтер көрсетуге жұмсалған шығындарды тексеруді (ревизияны) тағайындаған орган мойнына алады.

16-бап. Аудитті өткізу кезіндегі шектеулер

Тапсырыс берушімен (меншік иесімен немесе тексерілетін шаруашылық жүргізуші субъектінің басшысымен) қызметтік қатынастардағы, сондай-ақ жақын туыстық, жақын жекжаттық немесе ерлі-зайыпты қатынастардағы, не онымен ортақ қаржы мүдделері бар адамдар аудитор ретінде қатыса алмайды.

IV тарау

Аудиторлар мен тапсырыс берушілердің құқықтары, міндеттері

17-бап. Аудиторлардың құқықтары

Жасалған шарттарға сәйкес аудиторлық тексеруді өткізу кезінде аудиторлар мен аудиторлық фирмалардың:

бухгалтерлік кітаптар мен қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі басқа да құжаттамаларды тексеруге;

ақша сомасының, бағалы қағаздардың, материалдық құндылықтардың бар-жоғын тексеруге;

тексерілетін шаруашылық жүргізуші субъекіден, оның лауазымды адамдарынан аудитті өткізу үшін қажетті барлық түсініктемелер мен қосымша мәліметтерді алуға;

аудиттің мақсатын орындау үшін барлық қажетті ақпаратты үшінші адамдардан алуға;

тексерілетін объектілерде жұмыс істейтін, оның басшыларымен (меншік иелерімен) қызмет, туыстық жағынан тікелей қатынастары бар немесе қаржы жағынан ортақ мүддесі бар адамдардан басқа әртүрлі мамандарды жұмысқа шарт негізінде тартуға;

тексерілетін заңды ұйымдардың операциялары мен есепшоттарының

жай-күйі туралы қажетті мәліметтерді банктерден алуға құқықтары бар;

18-бап. Аудиторлардың міндеттері

Аудиторлардың тексерілетін субъектінің келісімінсіз коммерциялық құпиясы бар ақпаратты, тексеру нәтижелерін меншік иесіне не тексеруді (ревизияны) тағайындаған органға берген реттерін қоспағанда, жария етуге құқықтары жоқ. Қаржы-шаруашылық операциялары заңдылығын бұзу деректері анықталған жағдайда аудиторлар аудиторлық қорытындыға оларды жою жөніндегі ұсыныстарын енгізуге міндетті.

Аудиторлық қорытынды бойынша жасалған ұсыныстарды тексерілетін субъект немесе тексеруді тағайындаған орган жүзеге асырады.

Аудиторлар тапсырманы орындауға байланысты алынған, сондай-ақ өздері жасаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

19-бап. Тапсырыс берішінің құқықтары

Тапсырыс берушінің:

аудиторлық тексерудің нәтижелерімен танысуға;
бухгалтерлік есеп, қаржы және статистикалық есеп беруді жүргізу және ашылған кемшіліктер мен бұзушылықтарды түзету тәртібі туралы кеңестер мен ұсыныстарды алуға;

аудиторлық тексерудің нәтижелері бойынша дауларды шешу үшін сотқа жүгінуге құқықтары бар.

Тапсырыс беруші болып табылмайтын, тексерілетін шаруашылық жүргізуші субъектінің де дәл осындай құқықтары болады.

Қаржы-шаруашылық қызметін тексеру үшін тапсырыс берушінің шетел аудиторлары мен аудиторлық фирмаларын қатыстыруына құқығы бар.

Тапсырыс берушінің осы Заңның талаптарын сақтай отырып, аудиторды (аудиторлық фирманы) еркін түрде таңдауға құқығы бар.

20-бап. Тапсырыс берушінің міндеттері

Тапсырыс беруші (тапсырыс беруші болып табылмайтын тексерілетін субъекті):

аудитті сапалы орындау үшін аудиторға (аудиторлық фирмаға) қолайлы жағдай туғызуға;

аудиторға барлық қажетті құжаттарды беруге, сондай-ақ

олардың растығы үшін жауапкершілікті мойнына алуға міндетті.

Тапсырыс беруші шартқа сәйкес аудиторлық қызметтерге ақы төлеуге міндетті.

Аудиттің өткеніне қарамастан бухгалтерлік есеп-қисапты жүргізу саласында қолданылып жүрген заңдарды сақтау үшін, қаржылық мерзімдік, жылдық есеп беруді жасап, оны уәкілді мемлекеттік органдарға дер кезінде тапсыру үшін жауапкершілік шаруашылық жүргізуші субъектіге жүктеледі.

V тарау

Аудиторлар мен аудиторлық
фирмалардың жауапкершіліктері

21-бап. Аудиторлардың жауапкершіліктері

Аудиторлар мен аудиторлық фирмалар Қазақстан Республикасының заңдары мен шартта көзделген өз міндеттерінің білікті және сапалы орындалуы үшін жауап береді.

Аудитті сапасыз өткізудің салдарынан тапсырыс берушіге шығын келуіне байланысты аудиторлар мен аудиторлық фирмалардың материалдық жауапкершілігі шартта көрсетіледі.

22-бап. Жауапкершілікті сақтандыру

Аудиторлық фирмалар материалдық жауапкершілігіне өз қаржысы есебінен, ал жеке аудиторлар - өз есебінен де, сақтандыру есебінен де сақтандыру арқылы кепілдік береді.

VI тарау

Аудиторлардың қоғамдық бірлестіктері

23-бап. Аудиторлардың қоғамдық бірлестіктері

Мамандығына байланысты мүдделерін білдіру, аудитті өткізуге әдістемелік ұсыныстар жасау, аудиторлардың біліктілігін көтеруге арналған шараларды өткізу, аудиторлық қызметтер нарқын зерттеу, аудиторлық фирмалар мен аудиторларды қаржы, бухгалтерлік есеп пен салық салу саласындағы қалыпты құжаттармен қамтамасыз ету, аудиторлық жұмысты ұйымдастыру ісінде оларға кеңес беріп, іс жүзінде көмек көрсету мақсатында аудиторлар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қоғамдық бірлестіктер құра алады.

24-бап. Аудиторлар палатасы

Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы: тәуелсіз қоғамдық бірлестік болып табылады және ол Қазақстан Республикасы аумағында аудиттің дамуына, жетілдірілуіне және бір ізге түсуіне жәрдемдесуге тиіс;

Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің Аудиторлар палатасы Жарғысын сақтайтын аудиторлық фирмаларын, жекелеген аудиторларын ерікті негізде біріктіреді және олардың қызметін үйлестіреді;

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының

және Қазақстан Республикасы Аудиторларының жиналысында бекітілетін Палата Жарғысының ауқымында жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының Аудиторлар Палатасы Біліктілік комиссиясы құрамына өз мүшелерін делегат ретінде жібереді.

Қазақстан Республикасының Аудиторлар Палатасы шетелдердің бақылау органдарымен, тиісті халықаралық ұйымдармен байланысты жүзеге асырады, олармен іскерлік ынтымақтастық туралы келісімдер жасайды.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК